

ӘОЖ 81`373.21

ҒТАХР 16.21.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.005>

ҚАЗАҚ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖАЗЫЛҒАН ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАР: ПІКІР АЛШАҚТЫҒЫ МЕН СӘЙКЕСТІГІ

*Амантай М.А.¹, Каленбекова А.Е.²

*^{1,2}Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ топонимдерінің этимологиясына қатысты ғылыми әдебиеттерде ұсынылған тұжырымдар жүйеленіп, олардың өзара сабақтастығы мен қайшылықтары теориялық және әдіснамалық тұрғыдан сараланады. Қазақ топонимикасы тарихи-мәдени деректерді, этникалық құрам мен көші-қон үдерістерін, табиғи-географиялық белгілерді және көне тілдік қабаттарды сақтап, көпқабатты семиотикалық жүйе құрайтыны дәлелденеді. Осы негізде жекелеген атаулардың шығу тегін түсіндіруде қалыптасқан ғылыми бағыттар талданып, баламалы этимологиялық нұсқалар салыстырылады. Зерттеудің мақсаты – әртүрлі интерпретацияларды кешенді талдау арқылы олардың ғылыми уәжділігін, фонетикалық сәйкестігін, семантикалық негізін айқындап, қазақ ономастикасындағы теориялық тұтастықты нақтылау.

Зерттеу нысаны ретінде Абыралы, Азғыр, Ақсу, Алатай, Бұқтырма, Бақанас, Аягөз, Үржар тәрізді гидронимдер мен орографиялық атаулар алынды. Талдау барысында антропонимдік, этнотопонимдік, зоотопонимдік, орографиялық және субстраттық түсіндіру үлгілері өзара салыстырылып, халықтық және ғылыми этимология арасындағы ұстанымдық айырмашылықтар айқындалады. Әдіснамалық негіз ретінде салыстырмалы-тарихи талдау, фонетикалық реконструкция, морфемдік жіктеу, семантикалық уәжділік, лингвомәдени және когнитивтік талдау тәсілдері кешенді түрде қолданылады.

Талдау нәтижесінде қазақ топонимдерінің қалыптасуында көне түркілік негіздермен қатар моңғол және араб-парсы қабаттарының ықпалы, мағыналық қабаттасу құбылысы, транстопонимизация үдерісі мен тарихи дыбыстық өзгерістердің шешуші рөл атқаратыны дәлелденеді. Бір атаудың бірнеше тарихи-семантикалық қабатты қамтуы және әр кезеңде қайта интерпретациялануы топонимдердің динамикалық табиғатын көрсетеді. Зерттеу этимологиялық пайымдарды жүйелеп, әдіснамалық айқындық енгізеді және қазақ топонимдерін кешенді талдау моделін ұсынады. Нәтижелер топонимикалық сөздіктерді жетілдіруде, ономастика курстарын жаңартуда және тарихи-лингвистикалық зерттеулерді дамытуда қолдануға негіз болады.

Тірек сөздер: топоним, этимология, қазақ топонимикасы, гидроним, орографиялық атау, халықтық этимология, семантикалық уәж, антропотопоним

Кіріспе

Қазақ тілінің лексикалық жүйесінде топонимдер ерекше орын алады. Жер-су атаулары – тек географиялық нысанды айқындайтын шартты белгі емес, олар халықтың тарихи жадын, этномәдени тәжірибесін, дүниетанымдық моделін және кеңістік туралы танымын сақтайтын күрделі тілдік-мәдени бірліктер. Әрбір топонимнің бойында белгілі бір тарихи кезеңнің ізі, этникалық қатынастардың көрінісі, табиғи ортаға бейімделген шаруашылық тәжірибенің белгісі жинақталады. Сондықтан қазақ топонимдерінің шығу тегін, мағыналық уәжін және қалыптасу жолдарын анықтау – ономастика ғылымының ғана емес, жалпы тарихи-лингвистикалық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі.

Қазіргі тіліміздегі барлық сөздің, соның ішінде жалқы есімдердің де, өзіндік тарихы, этномәдени мазмұны және семантикалық жүктемесі бар. Дегенмен күнделікті қолданыста біз сөздерді, атауларды көбіне дайын таңба ретінде қабылдаймыз да, олардың тарихи негізіне, бастапқы мағынасына және этимологиясына үңіле бермейміз. Тілдегі дыбыс, сөз, сөйлем сияқты бірліктердің белгілі бір таңбалық жүйе құрайтыны белгілі, алайда осы таңбалардың ішкі мазмұнын, тарихи-семантикалық қабаттарын айқындау арнайы ғылыми зерттеуді талап етеді.

Сөз мағынасын тарихи тұрғыдан зерттеудің негізгі құралы – этимология. В.Пизанидің пайымдауынша, этимологияның басты міндеті – сөздің алғаш пайда болған кездегі мағынасын анықтау, оның даму барысында қандай фонетикалық және семантикалық өзгерістерге ұшырағанын көрсету, сондай-ақ қандай сөзжасамдық амалдар арқылы қалыптасқанын дәлелдеу [1, 129-б.]. Бұл анықтама этимологиялық талдаудың тек бастапқы мағынаны айқындаумен шектелмей, тілдік бірліктің тарихи эволюциясын кешенді түрде қарастыратынын көрсетеді.

Этимологиялық зерттеулердің ғылыми дәстүрі көне кезеңдерден бастау алады. Ежелгі грек ойшылдары тіл мен атаудың табиғаты туралы алғашқы тұжырымдарын білдірсе, орта ғасыр ғалымдары сөз төркінін философиялық және діни таным тұрғысынан түсіндіруге ұмтылды. В.Пизани, А.В.Суперанская, А.А.Белецкий сынды зерттеушілер этимологияның теориялық және әдіснамалық негіздерін жүйелеуге үлес қосты.

Түркі тіл білімінде этимология мәселесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі ғылыми сипат ала бастады. В.В.Радлов, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, А.П.Самойлович еңбектерінде түркі лексикасының тарихи негіздері мен фонетикалық заңдылықтары

қарастырылды. Э.В.Севортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» түркі этимологиясының теориялық және практикалық базасын нығайтқан іргелі еңбек ретінде бағаланады. Қазақ тіл білімінде бұл бағыт Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, А.Әбдірахманов, Ә.Қайдар және басқа да ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тауып, ұлттық лексиканың тарихи қабаттарын зерттеуге негіз болды. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінің» жарық көруі ұлттық лексиканың этимологиялық сипаттамасын жүйелеуге мүмкіндік берді.

Алайда қазақ топонимдерінің этимологиясына қатысты ғылыми еңбектерде толық бірізділік қалыптасты деуге болмайды. Жекелеген атаулардың шығу төркінін түсіндіруде әртүрлі көзқарастар ұсынылып, кей жағдайда өзара қайшылықты пікірлер айтылады. Бір топ зерттеушілер белгілі бір топонимді көне түркі негізінде түсіндірсе, екінші біреулері оны моңғол немесе өзге тілдік қабаттармен байланыстырады. Мұндай пікір алшақтығы тарихи деректердің шектеулілігімен, фонетикалық өзгерістердің күрделілігімен және қазақ топонимикасының көпқабатты құрылымымен байланысты. Сонымен қатар кейбір атаулар халықтық этимология ықпалымен қайта түсіндіріліп, ғылыми талдаумен сәйкес келе бермейтін жағдайлар да кездеседі.

Қазақ топонимикасы – кең байтақ аумақта әртүрлі тарихи кезеңдерде қалыптасқан, құрамында көне түркілік, моңғолдық, араб-парсылық тілдік элементтері ұшырасатын күрделі жүйе. Сондықтан оны этимологиялық тұрғыдан зерттеу барысында фонетикалық сәйкестіктерді, морфемдік құрылымды, семантикалық уәжділікті, тарихи деректерді және ареалдық таралу заңдылықтарын кешенді түрде қарастыру қажет.

Осы мақалада қазақ топонимдерінің этимологиясы туралы жазылған ғылыми тұжырымдар жүйеленіп, олардың арасындағы пікір алшақтығы мен сәйкестігі талданады. Зерттеудің мақсаты – түрлі этимологиялық интерпретацияларды салыстыра отырып, ортақ ғылыми ұстанымдарды айқындау және қайшылықты тұстардың себептерін көрсету. Бұл бағыттағы талдау қазақ ономастикасының теориялық негізін нақтылауға, этимологиялық зерттеулердің әдіснамалық бірізділігін қалыптастыруға және ұлттық топонимикалық мұраны ғылыми тұрғыдан тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу материалы ретінде қазақ топонимикасына қатысты ғылыми еңбектерде этимологиялық тұрғыдан әртүрлі түсіндірілген атаулар алынды. Нақтырақ айтқанда, Шығыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда және Алматы облыстары аумағындағы *Абыралы, Азғыр, Ақ Қаба, Ақсу, Алатай, Бұқтырма, Бақанас, Аягөз, Үржар* сияқты гидронимдер мен орографиялық атаулар зерттеу нысанына енгізілді. Бұл топонимдер ғылыми әдебиетте

бірнеше этимологиялық нұсқамен түсіндірілгендіктен, пікір алшақтығы мен сәйкестігін салыстыра талдауға мүмкіндік береді. Дереккөздер ретінде Е.Қойшыбаев, Ғ.Қоңқашпаев, А.Әбдірахманов, Б.Бияров, С.Нұрқанов, Ж.Болатов еңбектері, сондай-ақ түркітанушы ғалымдар Махмұд Қашғари, К.К.Юдахин зерттеулері мен сөздіктері пайдаланылды. Сонымен қатар көне түркі жазба ескерткіштері, салыстырмалы-тарихи деректер, түркі және моңғол тілдеріндегі параллель формалар, диалектілік материалдар және географиялық сипаттамалар ескерілді.

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс негізгі тәсіл ретінде қолданылды: топоним құрамындағы түбірлер мен форманттар туыстас тілдердегі сәйкестіктерімен салыстырылып, тарихи негізі айқындалды. Фонетикалық реконструкция әдісі арқылы дыбыстық өзгерістер (й~з, ғ~х, г~к, т.б.) сараланып, ықтимал көне тұлғалар қалпына келтірілді. Морфемдік талдау атаулардың сөзжасамдық моделін (түбір, қосымша, формант) анықтауға бағытталды. Семантикалық уәжділік талдауы топоним мағынасы мен географиялық нысан сипаты арасындағы байланысты ашуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге әр зерттеуші ұсынған этимологиялық нұсқалар мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан салыстырылып, олардың ғылыми негізділігі бағаланды. Қажет тұстарда халықтық этимология мен ғылыми этимология арасындағы айырмашылықты көрсету үшін когнитивті-прагматикалық талдау элементтері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақтопонимдерініңэтимологиясынсалыстырумақсатындажоғарыда аталған жер-су аттарын отандық ғалымдардың сөздіктері мен арнайы зерттеулері негізінде салыстырмалы түрде қарастырып көрейік. Аталған топонимдерге қатысты Е.Қойшыбаев, Ғ.Қоңқашпаев, А.Әбдірахманов, Б.Бияров және өзге зерттеушілердің еңбектерін қолданамыз.

Абыралы. Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы әкімдігіне қарасты аумақтағы топоним. Е.Қойшыбаев Абыралы атауын антропонимдік негізде жасалған деп есептейді [2, 25-б.]. Ғалым бұл атауды арабтың *араба* (арба) сөзімен байланыстырып, метатеза нәтижесінде *абра* тұлғасы пайда болып, одан әрі топоним жасалған деп жорамалдайды.

Ғ.Қоңқашпаев та *Абыралыны* кісі аты ретінде қарастырып, атаудың антропонимдік модельмен қалыптасқанын көрсетеді [3, 8-б.].

А.Әбдірахманов пікірінше, *Абыралы* – түбірі адам атына барып тірелетін антропотопоним [4]. Бұл көзқарас атаудың жеке есімнен жер-су атауына ауысуы (антропотопонимизация) құбылысына негізделеді.

Б.Бияров аталған пікірлерді қолдай отырып, атаудың антропонимге негізделуі мүмкін екенін айтады. Сонымен қатар ол транстопонимизация (тау атауынан кісі атының жасалуы немесе керісінше) ықтималдығын да жоққа шығармайды. Ғалым *Абыралы* атауын моңғол тіліндегі аврал (мейірім,

рақым, қайырым) сөзімен байланыстыру мүмкіндігін де көрсетеді [5, 197-б.]. Моңғол ономастикалық дәстүрінде «әулие», «қасиетті», «қайырымды» сипаттағы тау атаулары жиі кездесетіні белгілі.

Азғыр. Атырау облысы, Құрманғазы ауданындағы топоним. Атаудың этимологиясы жөнінде ғылыми әдебиетте екі негізгі бағыт ұсынылады.

Б.Бияровтың зерттеуінше, *Азғыр* атауы көне түркілік *айғыр* сөзінің архаикалық фонетикалық нұсқасы. Ғалым сары ұйғыр тіліндегі азғыр, хакас тіліндегі асхыр, чуваш тіліндегі адғыр формаларын қазақтың айғыр сөзімен түбірлес деп көрсетеді [5, 104-б.]. Бұл фонетикалық қатарды салыстырғанда, *Азғыр* тұлғасы тарихи дыбыстық өзгерістерді (й>з, ғ/х сәйкестігі, р дыбысының сақталуы) айқын көрсетеді және ең көне қабатты сақтаған реликт форма ретінде бағаланады. Осы интерпретация бойынша, «айғыр» компоненті зоонимдік негізге сүйенеді, ал оның географиялық атауға ауысуы нысанның «ірі, биік, көлемді» сипатын білдіретін зоотопонимдік уәжбен түсіндіріледі.

Е.Қойшыбаевтың түсіндіруінде *Азғыр* атауы түркілік *аз* этнонимі мен *қыр* (қыр, төбе, биік жер) компоненттерінен құралған күрделі топоним ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда атау «аз тайпасының қырлары» деген мағынаны білдіреді [2, 27-б.]. Мұнда этнотопонимдік модель ұсынылады, яғни белгілі бір тайпа аты географиялық нысан атауына айналған деп түсіндіріледі.

Ақсу өзені. Ғ.Қоңқашпаев *Ақсу* атауын тура мағынасымен байланыстырады: *Ақ-Су* – «ақ су», яғни «қар суымен қоректенетін, суы ақшыл өзен» [3, 15-б.]. Ғалымның пікірінше, бұл атаудың уәжі – өзен суының сыртқы түсі мен табиғи ерекшелігі.

Е.Қойшыбаев *Ақсу* атауын дәстүрлі «ақ» – түс мәнінде емес, табиғи гидрографиялық ерекшелікпен байланыстырады. Ол «ақ» сөзін «қар суымен қоректенетін, тау суы» деген семантикалық белгіде талдайды [6, 35-б.]. Ғалым Мурзаевтың көзқарасына сүйене отырып, *ақ* – «түсі ақ» емес, «қар еруінен пайда болатын өзен» деген мағына береді; ал *қарасу* топонимінде *қара* – «жерасты суымен қоректенетін өзен» көрсеткіші ретінде қарастырылады. Осыдан «иксу – проточная вода» деген семантикалық үлгі туындайды [7, 22-б.].

Б.Бияровтың пікірінше, қазақ топонимдеріндегі *ақ* сын есімі негізінен өзінің тура мағынасында, яғни түс атауы ретінде қолданылады. Ғалым кейбір зерттеушілер ұсынған «ақ» компоненті бағытты, кеңдікті немесе молдықты білдіреді деген жорамалдардың қазақ топонимикалық материалдары негізінде дәлелденбейтінін атап көрсетеді. Оның пайымдауынша, көшпелі халықтардың табиғатты нақты бағалап, дәл сипаттап атау беру дәстүрі мағынасы көмескі, семантикалық негізі әлсіз атаулардың қалыптасуына жол бермеген.

Б.Бияров *Ақсу* гидрониміндегі ақ сыңарын «ағынды», «ағып жатқан»

деген мағынада түсіндіру де ғылыми тұрғыдан негізсіз деп есептейді. Рас, Ақсу аталатын өзендердің көбісі таудан басталып, ағысы қатты келеді. Алайда атаудың уәжі тек ағындылықта емес, өзен суының тастарға соғылып, ақ көбіктеніп ағу ерекшелігінде жатыр [5, 159-б.]. Ғалымның бұл пікірі профессор Т.Жанұзақтың «Ақсу атауы судың, өзеннің ақ ботала боп аққан түсіне байланысты» деген тұжырымымен үндеседі [8].

Ақ Қаба. Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданындағы өзен атауы. Топонимнің этимологиясы жөнінде зерттеушілер әртүрлі пікір ұсынады.

Е.Қойшыбаевтың түсіндіруінше, атау *ақ* (ақ, жарық) және *қаба* компоненттерінен құралған [6, 22-б.]. Ғалым *қаба* сөзін этноним ретінде қарастырып, атауды «ақ қаба тайпасының өзені» деп түсіндіреді. Бұл интерпретация этнотопонимдік модельге негізделеді, яғни белгілі бір ру-тайпа атауы географиялық нысан атауына айналған деп есептеледі.

Ғ.Қоңқашпаев та атауды *ақ* + *қаба* түрінде талдайды және «ақ қаба» мағынасын береді [3, 13-б.]. Алайда зерттеуші *қаба* сөзінің шығу төркіні мен нақты семантикалық мәні анықталмағанын атап көрсетеді. Демек, бұл нұсқада атаудың құрылымы айқын болғанымен, екінші компоненттің этимологиясы арнайы дәлелдеуді қажет етеді.

Б.Бияровтың пайымдауынша, *Ақ Қаба* гидрониміндегі *ақ* компоненті судың ақ көбіктеніп ағуын емес, оның ақ балшықпен лайланып, айран түстес болып ағу ерекшелігін білдіреді. Ғалым *Ақ Қаба* атауының пайда болуын мөлдір сулы *Қара Қалғұты*, *Қара Қаба* сияқты гидронимдерге антонимдік мәнде қалыптасқан атау ретінде түсіндіреді. Яғни мұндағы *ақ* пен *қара* оппозициясы судың физикалық сапасына, түс ерекшелігіне негізделген. Бияров мұндай атауларды тіркесті топонимдер құрамында қарастырады және *ақ* сын есімінің әр гидронимде бірдей семантикалық жүк көтермейтінін атап көрсетеді. Мәселен, *Ақсу* атауындағы *ақ* судың тастарға соғылып, ақ көбіктене ағуын білдірсе, *Ақ Қаба* атауында ол судың лайлы, ақшыл түсті болуын көрсетеді [5, 141-б.].

Ғалым топонимжасамда *ақ* сын есімінің осындай нәзік семантикалық реңктерін дәл ажырату қажеттігін ерекше атап өтеді. Сонымен қатар *ақ* + *зат есім* үлгісімен жасалған біріккен топонимдердің екінші сыңарлары да әртүрлі лексикалық қабаттарға жатады: географиялық терминдер (көл, қық, құм, өзен, сай), жан-жануар атаулары (атан, қошқар, өгіз), өсімдік атаулары (қайың, сексеуіл, ши), сондай-ақ тұрмыстық зат есімдер де (қасық, мектеп, дiңгек) қатыса алады.

Алатай – биік тау асуының атауы (Алтай тауларының бір бөлігі).

Е.Қойшыбаев сөздігінде бұл атау көне түркілік *ала+тай* компоненттерінен құралған деп көрсетіледі. Ғалымның пайымдауынша, екі сыңар да орографиялық ұғымды білдіреді, яғни «тау + тау» мағыналық қабаттасуын береді [2, 41-б.].

Мұндай құбылыс түркі топонимикасында жиі ұшырасады: көне қабаттағы бір орографиялық термин кейінгі кезеңде сол мағынаны білдіретін екінші компонентпен толықтырылып, қосарланған атау жасалады. Сондықтан Қойшыбаев нұсқасы бойынша, *Алатай* атауы тарихи-лингвистикалық тұрғыдан «тау» семантикасының екі мәрте берілуі арқылы қалыптасқан. Осы тұрғыдан *Алатай* атауы «тау + тау» типіндегі мағыналық қабаттасудан құралған плеонастикалық құрылым болуы ықтимал.

Б.Бияровтың пайымдауы бойынша, ороним монғолдың уул «тау» сөзі мен *тай* туынды сын есім жұрнағы арқылы жасалып, «таулы» деген мағына береді: Уул(а)тай > Олатай > Алатай.

Бұқтырма – бастауы Алтай сілемдерінен шығып, Ертіс өзеніне құятын өзен. Шығыс Қазақстан облысындағы аудан мен елді мекен атауы осы гидронимнен туындаған [4, 97-б.].

Өлке тілін зерттеуші Ж.Болатовтың дерегіне сүйенсек, жергілікті халық өзенді *Бұқтырма* деп атап, оның мағынасын өзен ағысының қаттылығымен байланыстырады [9, 181-б.]. Халықтық этимология бойынша, асау тау суы арнасына түскенді тастан-тасқа соғып, «бұқтырып» алып кететіндіктен атау осылай қалыптасқан.

Морфологиялық тұрғыдан бұл интерпретация: *бұқ-* + *-тыр* + *-ма* (*бұқ-* – етістік түбір; *-тыр* – етіс; *-ма* – етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ). Бұл модель қазақ тіліндегі *Сарқырама*, *Маңырама*, *басқарма* сияқты сөзжасам үлгілеріне сәйкес келеді. Демек, атаудың «бұқтыратын өзен» деген динамикалық мағынада жасалуы тілдік тұрғыдан мүмкін. Сонымен қатар Болатов көрсеткен мәтінде халық аузындағы «Бұқтырма қайдан шығады, бұлақтан шығады, өзінен-өзі шықпайды» деген нақыл да гидронимнің жергілікті семантикалық қабылдануын айғақтайды.

Е.Қойшыбаев атауды көне түркі *бұқтыр* (қаз. бөктер) тұлғасымен байланыстырады [2]. Бұл нұсқа бойынша: *бұқтыр* + *-ма* > *Бұқтырма*

Мұндағы *бұқтыр* – «тау етегі, тау бөктері» мағынасындағы көне географиялық термин. Бұған дәлел Махмұд Қашғари «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде *буктир* (*бұқтыр*) лексемасын «тау етегі» мағынасында түсіндіреді [10, 424-б.].

Ал К.К.Юдахин өз сөздігінде *-ма* жұрнағы жалғанған *бұқтыр* тұлғасының мағыналық ауқымы кең екенін атап көрсетіп, оны «дұшпанды жасырын тосып алу, бұқтырма құру» мәнінде қолданылатынын айқындайды [11, 222-б.].

Б.Н.Бияров болса, орыс тіліне енген көне түркі сөздерін (тюркизмдерді) зерттеген Е.Н.Шипованың сөздігіндегі: «Бахтарма-бухтарма» (архаизм.) внутренняя сторона шкуры, прилегающая к телу животного» деген түсініктемеге сүйеніп басқа пікір ұсынады [12, 69-б.]. Өзеннің аты осы көнерген сөзден жасалған деп есептейді, өйткені жаңа сойылған малдың терісін аударып қарағанда, қан тамырларының ізі тарам-тарам болып

көрініп тұрады. Бұқтырма өзені де дәл солай сала-салаға бөлініп ағады. Ұқсату арқылы жасалған атаудың түбірі *бүк*, *бүктеу* сөздерінен шығып, кейін жуандаған секілді. *Бүк+тір+ме>Бұқ+тыр+ма*. Бұл жерде автор өзі ұсынып жүрген географиялық нысаннан атауға қарай деген тәсілін қолданады.

Бақанас (Бағанас). Алматы облысында Іле өзенінің Балқаш көліне құяр атырау тұсындағы жер, село және аудан атауы; сондай-ақ Шығыс Қазақстан өңірінде Шыңғыс тауы сілемдерінен басталып, Алакөлге жетпей тартылатын өзен аты. Атаудың этимологиясы жөнінде бірнеше ғылыми пікір бар, оларды мазмұндық тұрғыдан екі бағытқа біріктіруге болады.

А.Әбдірахманов пікірінше, атаудың түбірі *бақан* // *бахана* // *бахн* // *багана* формаларымен байланысты. Осы негізден *бақанақ*, *бақанас* сияқты туынды сөздер жасалған. Демек, Бақанас атауы *бақан* (*а*) + *-с* элементтерінен құралған және «бақандар», яғни «өзен салалары» деген мағынаны білдіреді [4].

Осы негізде Бақанас атауы *бақан* + *-с* моделінен жасалған деп қарастырылады. Мұндағы *-с* – көне түркі-моңғол тілдерінде көптік мағына білдіретін формант. Келес, Талас, Текес сияқты гидронимдердегі *-с* элементі де осы сипатта түсіндіріледі. Семантикалық тұрғыдан «бақандар» – «айырланған, тармақталған бөліктер» деген ауыспалы мағына береді. Географиялық дерек бұл интерпретацияны қуаттайды: Іле өзені Балқашқа құяр тұста бірнеше тармаққа бөлініп, кең атырау түзеді. Демек, атау «көп тармақты өзен» деген ұғымды білдіруі ықтимал.

Екінші бағытта Е.Қойшыбаев атауды көпкомпонентті құрылым ретінде түсіндіреді. Ғалым *Бақанас* атауы *ба* + *қан* + *ас* элементтерінен құралған болуы мүмкін деп болжайды [13]. Бұл нұсқада әр компоненттің «су», «өзен» мағынасындағы көне тілдік элементтермен байланысы қарастырылады: *ба* – кейбір самодий тілдерінде «өзен»; *қан* (ган, хан, кен, хем) – алтай, хакас, тува тілдерінде «су, өзен»; *ас* (*ас* ~ *аз* ~ *аш* ~ *ыс* ~ *ис* ~ *иш* ~ *ус*) – орал-алтай және тунгус-маньчжур тілдерінде «өзен, су» мағынасында кездеседі. Осы тұрғыдан қарағанда, атау мағыналық қайталама арқылы жасалған архаикалық гидроним болуы мүмкін.

Ал Ғ.Қоңқашпаев пікірінше, бұл атау моңғол тіліндегі *богино/богонь* (қысқа, шолақ) және *ус* (су) сөздерінің бірігуінен жасалған; осы негізде Бақанас<*Богоньус* (қысқа, шолақ өзен) этимологиясын ұсынады [3]. Б.Бияров та осы пікірді қолдап, қосылады. Географиялық деректер *Бақанас* аталатын өзендердің көбіне тармақты немесе қысқа, маусымдық сипатта болатынын көрсетеді, сондықтан атаудың семантикасы табиғи-географиялық ерекшелікпен тікелей байланысты деп тұжырымдауға болады.

Аягөз. Шығыс Қазақстан өңіріндегі өзен, сондай-ақ Абай облысына қарайтын қала, Аягөз ауданының әкімшілік орталығы. Бұл гидронимнің этимологиясы көне түркі тілдік деректері негізінде түсіндіріледі.

С.Нұрқанов атауды *ай* + *өгуз* компоненттерінен құралған деп көрсетеді. Көне түркі тілінде *өгуз* «өзен, су» мағынасын білдіретіні Орхон-Енисей жазбаларынан белгілі. Е.Қойшыбаев пікірінше, бұл гидроним көне түркі тіліндегі *ай* (тайпа атауы ретінде қарастырылған) және *өгуз* (өзен) компоненттерінен құралған. Осылайша, атау бастапқыда «ай өзені» деген мағынаны білдірген деп түсіндіріледі [2, 55-б.]. Алайда «ай» сөзін тайпа атауы деп түсіндіру ғылыми негізге ие емес, өйткені қазақ этникалық құрамында «ай» атты ру немесе тайпа атауы тіркелмеген.

Б.Бияров *Аягөз* гидронимін көне түркі тіліндегі *айа* (шағын, кіші) және *өгуз* (өзен) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған деп нақтылайды. Бұл жағдайда фонетикалық даму тізбегі мынадай: *Айа өгуз* > *Айагуз* > *Аягөз* [5, 248-б.]. Бұл мағынаны ақын М.Мақатаев «Аягөз деген аядай өзен деседі» деген бір жол өлеңмен-ақ беріп кеткенін ескертеді.

Мұндағы *айа* компоненті «шағын, еңсіз» мағынасын береді, ал *өгуз* – «өзен». Демек, атаудың бастапқы мағынасы «шағын, еңсіз өзен» болып шығады. Бұл семантика өзеннің гидрографиялық сипатына сәйкес келеді. Ертіс сияқты ірі өзенді кешіп өткен түркі тайпалары кейінгі салыстырмалы түрде тар әрі шағындау өзенді «аядай ғана өзен» деп атауы табиғи құбылыс.

Сонымен қатар Алтай аймағында кездесетін *Ай*, *Айғары*, *Айқұлақ*, *Айлы-Оозы* сияқты гидронимдердегі *ай* компоненті Н.А.Баскаков пен Т.М.Тошқакова еңбектерінде «луна» мағынасында түсіндіріледі. Алайда *Аягөз* жағдайында «ай» емес, көне *айа* тұлғасы негіз ретінде қарастырылғаны қисындырақ.

Үржар – өзен, Абай обл. Ғалым А.Әбдірахманов гидроним мағынасын түркі тілдерінде ур//ор// ура//ора сөздері «ров, яма, яма для хранения зерна» деген сөінен шығарады. «Мұндағы ор>үр сөзі «терең», ал жар - «өзен» дегенді білдіреді» дейді [4, 210-б.]. Сонымен бұл атау «терең өзен» деген мағынадан жасалғанын келтіреді.

Е.Қойшыбаев Оржар түрінде алады да, ур, ору, оре «верх, крыша, покрывало» деген мәнді түбірден шығарады [6, 235-б.].

Б.Бияров: «Халықтық этимология «Ұрыжар» түріндегі аңызды айтады. Кейбір қазақша карталарға да Ұрыжар түрінде түсіп кеткен. Ғылыми этимологиясына келсек, үр көне түркі тілінде «ақ, боз» сын есімін береді (М.Қашқариде: үп-үрүң «аппақ», «жап жаңа») [5, 21-б.]. Сонда Үржар – тура мағынасында «Ақжар» дегенді білдіреді» - дейді.

Географиялық нысанды жан-жақты талдап, салыстырудың қажеттілігі оның бір ғана сипатпен шектелмей, бірнеше айрықша белгілерге ие болуымен байланысты. Кез келген зат сияқты табиғи объект те түсі, пішіні, көлемі, орналасу ерекшелігі, гидрологиялық не орографиялық қасиеттері арқылы дараланады. Осындай белгілердің бірі немесе бірнешеуі атаудың қалыптасуына негіз болады, яғни топонимнің уәжін айқындайды. Ал уәжді дұрыс анықтау этимологиялық барлық табиғи және тарихи сипаттарын

ескеру оның шығу тегін дәл әрі ғылыми тұрғыдан негізді пайымдауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген талдау қазақ топонимдерінің этимологиясы біржақты пайыммен шектелмейтінін, олардың табиғаты көпқабатты әрі күрделі екенін көрсетті. Абыралы, Азғыр, Ақ Қаба, Ақсу, Алатай, Бұқтырма, Бақанас, Аягөз, Үржар тәрізді атауларға қатысты ғылыми әдебиетте ұсынылған әртүрлі түсіндірулер бірін-бірі жоққа шығару мақсатында емес, мәселенің күрделілігін ашу бағытында қалыптасқанын байқауға болады. Пікір алшақтығы ғылыми әлсіздіктің емес, керісінше зерттеу нысанының тарихи, тілдік және этномәдени тереңдігін көрсетеді.

Топонимдердің этимологиясын айқындауда антропонимдік, этнотопонимдік, зоотопонимдік, орографиялық және субстраттық модельдердің қатар қолданылуы олардың әрқайсысының белгілі бір қырын ашуға мүмкіндік береді. Әртүрлі болжамдар мен интерпретациялар ғылыми айналымда қатар өмір сүріп, өзара салыстыру арқылы нақтыланады. Болжам неғұрлым көп ұсынылса, соғұрлым мәселе жан-жақты қарастырылып, ақиқатқа жақындау мүмкіндігі артады.

Халықтық және ғылыми этимология арасындағы айырмашылық та қарсы қою сипатында емес, таным деңгейлерінің өзгешелігін білдіреді. Бірі ұлттық дүниетаным мен бейнелі қабылдауды сақтаса, екіншісі жүйелі әдіснамалық талдау арқылы дәлелдеуді мақсат етеді. Осы екі арнаны салыстыра қарастыру топоним табиғатын тереңірек түсінуге жол ашады.

Жалпы алғанда, қазақ топонимдерінің этимологиясын зерттеу жекелеген атаулардың төркінін анықтаумен шектелмейді. Ол тарихи жақты, этникалық құрамды, мәдени кеңістікті және тіл эволюциясын кешенді тануға бағытталады. Осы мақалада жүргізілген жүйелеу мен салыстырмалы талдау қазақ ономастикасындағы теориялық тұтастықты нақтылауға және этимологиялық зерттеулердің әдіснамалық негізін нығайтуға мүмкіндік береді. Алынған тұжырымдар болашақта топонимикалық сөздіктерді жетілдіруде, ономастика курстарын ғылыми тұрғыдан толықтыруда және тарихи-лингвистикалық зерттеулерді тереңдетуде тиімді пайдаланылуы мүмкін.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Жеке тіркеу нөмірі: AP26103897).

ӘДЕБИЕТ

- [1] Пизани В. Этимология: история, проблемы, метод. – Москва: Изд-во иностранной литературы, 1956. – 187 с.
- [2] Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
- [3] Қоңқашпаев Ғ. Қазақ географиялық атауларының сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1963. – 187 б.
- [4] Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 238 б.
- [5] Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.
- [6] Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана / АН КазССР, Ин-т языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 273 с.
- [7] Мурзаев Э.М., Мурзаева В.Г. Словарь местных географических терминов. – Москва: Гос. изд-во геогр. лит-ры, 1959. – 304 с.
- [8] Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
- [9] Болатов Ж. Шығыс Қазақстан облысындағы қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері // Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері. – 1963. – №5. – Б. 181-185.
- [10] Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. Divanu Lugati't-Türk. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2015. – 995 s.
- [11] Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1965. – 222 с.
- [12] Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 444 с.
- [13] Койчубаев Е. Основные типы топонимов Семиречья: автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1967. – С. 13-15.

REFERENCES

- [1] Pizani V. Jetimologija: istorija, problemy, metod [Etymology: History, Problems, and Method]. – Moskva: Izd-vo inostrannoј literatury, 1956. – 187 s. [in Rus.]
- [2] Qoişybaev E. Qazaqstannyñ jer-su attary sözdıgı [Dictionary of Place Names of Kazakhstan]. – Almaty: Mektep, 1985. – 256 b. [in Kaz.]
- [3] Qoñqashaev Ǵ. Qazaq geografialyq ataularynyñ sözdıgı [Dictionary of Kazakh Geographical Names]. – Almaty: Ğylym, 1963. – 187 b. [in Kaz.]
- [4] Äbdırahmanov A. Toponimika jäne etimologia [Toponymy and Etymology]. – Almaty: Ğylym, 1975. – 238 b. [in Kaz.]
- [5] Biarov B. Jer-su attarynyñ sözjasamdyq ülgıleri: monografia [Word-Formation Models of Place Names]. – Almaty: Memlekettik tıldı damytu instituty, 2012. – 460 b. [in Kaz.]

[6] Kojhubaev E. Kratkij tolkovyj slovar' toponimov Kazahstana [Concise Explanatory Dictionary of Toponyms of Kazakhstan] / AN KazSSR, In-t jazykoznanija. – Alma-Ata: Nauka, 1974. – 273 s. [in Rus.]

[7] Murzaev Je.M., Murzaeva V.G. Slovar' mestnyh geograficheskikh terminov [Dictionary of Local Geographical Terms]. – Moskva: Gos. izd-vo geogr. lit-ry, 1959. – 304 s. [in Rus.]

[8] Janūzaq T. Qazaq onomastikasy [Kazakh Onomastics]. – Almaty: Daik-Pres, 2007. – 524 b. [in Kaz.]

[9] Bolatov J. Şyğys Qazaqstan oblysyndaғы qazaq tılıñ jergilikti erekşelikteri [Local Peculiarities of the Kazakh Language in East Kazakhstan Region] // Qazaq tılı men dialektologiasynyñ мәseleleri. – 1963. – №5. – B. 181-185. [in Kaz.]

[10] Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. Divanu Lugati't-Türk. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2015. – 995 s. [in Turk.]

[11] Judahin K.K. Kirgizsko-russkij slovar' [Kyrgyz-Russian Dictionary]. – Moskva: Sovetskaja jenciklopedija, 1965. – 222 s. [in Rus.]

[12] Shipova E.N. Slovar' tjurkizmov v russkom jazyke [Dictionary of Turkicisms in the Russian Language]. – Alma-Ata: Nauka, 1976. – 444 s. [in Rus.]

[13] Kojhubaev E. Osnovnye tipy toponimov Semirech'ja [The Main Types of Toponyms of Semirechye]: avtoref. diss. ... kand. filol. nauk. – Alma-Ata, 1967. – S. 13-15. [in Rus.]

НАУЧНЫЕ ИНТЕРПРЕТАЦИИ ЭТИМОЛОГИИ КАЗАХСКИХ ТОПОНИМОВ: РАСХОЖДЕНИЯ И СОВПАДЕНИЯ НАУЧНЫХ ПОДХОДОВ

*Амантай М.А.¹, Каленбекова А.Е.²

*^{1,2}Институт развития государственного языка, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье систематизируются научные интерпретации, представленные в литературе по этимологии казахских топонимов, и анализируются их взаимосвязь и противоречия в теоретическом и методологическом аспектах. Доказывается, что казахская топонимика представляет собой многослойную семиотическую систему, сохраняющую историко-культурные сведения, данные об этническом составе и миграционных процессах, природно-географические характеристики и древние языковые пласты. На этой основе рассматриваются сформировавшиеся научные направления в объяснении происхождения отдельных географических названий и сопоставляются альтернативные этимологические версии.

Цель исследования заключается в комплексном анализе различных интерпретаций для определения их научной обоснованности, фонетической согласованности и семантической основы, а также в уточнении

теоретической целостности казахской ономастики. Объектом исследования выступают гидронимы и орографические названия: Абыралы, Азгыр, Ақсу, Алатай, Буктырма, Баканас, Аяғоз, Уржар. В ходе анализа сопоставляются антропонимические, этнотопонимические, зоотопонимические, орографические и субстратные модели объяснения, выявляются принципиальные различия между народной и научной этимологией. Методологическую основу составляют сравнительно-исторический анализ, фонетическая реконструкция, морфемный разбор, анализ семантической мотивированности, а также лингвокультурный и когнитивный подходы.

В результате установлено, что формирование казахских топонимов обусловлено не только древнетюркской основой, но и влиянием монгольского и арабо-персидского языковых слоёв, явлением семантического наслоения, процессами транстопонимизации и историческими фонетическими изменениями. Наличие в одном топониме нескольких историко-семантических слоёв и его переинтерпретация в разные периоды отражают динамическую природу географических названий. Исследование систематизирует этимологические подходы, вносит методологическую определённую и предлагает комплексную модель анализа казахских топонимов. Полученные результаты могут быть использованы при совершенствовании топонимических словарей, обновлении курсов по ономастике и развитии историко-лингвистических исследований.

Ключевые слова: топоним, этимология, казахская топонимика, гидроним, орографическое название, народная этимология, семантическая мотивированность, антропотопоним

SCIENTIFIC INTERPRETATIONS OF THE ETYMOLOGY OF KAZAKH TOPONYMS: DIVERGENCES AND CONVERGENCES OF SCHOLARLY APPROACHES

*Amantay M.A.¹, Kalenbekova A.E.²

*^{1,2}Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The article systematizes scholarly interpretations presented in the literature concerning the etymology of Kazakh toponyms and examines their interrelations and contradictions from theoretical and methodological perspectives. Kazakh toponymy is demonstrated to constitute a multilayered semiotic system preserving historical and cultural data, information on ethnic composition and migration processes, natural-geographical features, and archaic linguistic strata. On this basis, the established scholarly approaches to explaining the origins of individual place names are analyzed, and alternative etymological interpretations are comparatively assessed.

The aim of the study is to conduct a comprehensive analysis of various interpretations in order to determine their scientific validity, phonetic consistency, and semantic foundation, as well as to clarify theoretical coherence within

Kazakh onomastics. The research focuses on hydronyms and orographic names such as Abyraly, Azgyr, Aksu, Alatay, Buktyrma, Bakanas, Ayagoz, and Urzhar. The analysis compares anthroponymic, ethnonymic, zoonymic, orographic, and substrate-based explanatory models and highlights the conceptual differences between folk and scholarly etymology. The methodological framework integrates comparative-historical analysis, phonetic reconstruction, morphemic segmentation, semantic motivation analysis, as well as linguocultural and cognitive approaches.

The findings demonstrate that the formation of Kazakh toponyms reflects not only Old Turkic foundations but also the influence of Mongolian and Arabic-Persian layers, semantic stratification, processes of transtonymization, and historical phonetic changes. The coexistence of multiple historical-semantic layers within a single toponym and its reinterpretation across different periods reveal the dynamic nature of place names. The study systematizes etymological interpretations, introduces methodological clarity, and proposes a comprehensive model for analyzing Kazakh toponyms. The results may serve as a basis for improving toponymic dictionaries, updating onomastics curricula, and advancing historical-linguistic research.

Keywords: toponym, etymology, Kazakh toponymy, hydronym, orographic name, folk etymology, semantic motivation, anthroponymic toponym

Мақала түсті / Статъя поступила / Received: 12.03.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Амантай Мөлдір Алмазқызы – филология ғылымдарының магистрі, ғылыми қызметкер, Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0001-1810-9544>, e-mail: moldir.amantay.2001@gmail.com

Каленбекова Арайлым Ерланқызы – ғылыми қызметкер, Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-0155-1318>, e-mail: kalenbekova2001@mail.ru

Информация об авторах:

Амантай Молдир Алмазовна – магистр филологических наук, научный сотрудник, Институт развития государственного языка, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0001-1810-9544>, e-mail: moldir.amantay.2001@gmail.com

Каленбекова Арайлым Ерлановна – научный сотрудник, Институт развития государственного языка, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0009-0155-1318>, e-mail: kalenbekova2001@mail.ru

Information about the authors:

Moldir Almazkyzy Amantay – Master of Philological Sciences, Research Fellow, Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0001-1810-9544>, e-mail: moldir.amantay.2001@gmail.com

Arailym Erlankyzy Kalenbekova – Research Fellow, Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0009-0155-1318>, e-mail: kalenbekova2001@mail.ru